

В МИНУВШЕМ ГОДУ АО «ҚАЗТЕМІРТРАНС» УСПЕШНО ВЫПОЛНИЛО ВСЕ ЗАПЛАНИРОВАННЫЕ БЮДЖЕТНЫЕ ПАРАМЕТРЫ И ПРОИЗВОДСТВЕННЫЕ ПРОГРАММЫ РЕМОНТА. СЕГОДНЯ КОМПАНИЯ АКТИВНО РАБОТАЕТ НАД УЛУЧШЕНИЕМ КАЧЕСТВА ОБСЛУЖИВАНИЯ, ТЕХНИЧЕСКИМ ПЕРЕВООРУЖЕНИЕМ И РАСШИРЕНИЕМ ВОЗМОЖНОСТЕЙ ПЕРЕВОЗОК, ЧТО СПОСОБСТВУЕТ УКРЕПЛЕНИЮ ПОЗИЦИЙ НА РЫНКЕ И ПОВЫШЕНИЮ ДОВЕРИЯ СО СТОРОНЫ КЛИЕНТОВ.

Александр ШИРЯЕВ,
заместитель генерального директора
АО «Қазтеміртранс»



№26 (3065)
08/04/2025

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА



ПОДПИСАНЫ МЕМОРАНДУМЫ С КИТАЙСКИМИ ПАРТНЕРАМИ

В АО «НК «Қазақстан темір жолы» состоялась встреча руководства компании и делегации из Китая, под руководством секретаря Паркома Коммунистической партии Китая города Цзиньхуа г-на Чжу Чунле. В ходе встречи стороны обсудили новые направления сотрудничества, сфокусированные на расширении транзитных возможностей и повышении эффективности мультимодальных перевозок.



Асель ШАЙХЫНОВА,
Астана

Также обсуждены вопросы формирования эффективной логистической инфраструктуры вдоль маршрута ТМТМ.

По итогам переговоров АО «Кедентранссервис» и крупнейшая транспортно-инвестиционная группа Цзиньхуа подписали меморандум о намерениях. Документ направлен на реализацию проекта по строитель-

ству транспортно-логистического комплекса в городе Алматы.

Логистический комплекс позволит оптимизировать процессы, интегрировать международные транспортные маршруты и создать единую транспортную основу крупнейших логистических хабов Казахстана и Китая. Это окажет мультипликативный эффект, откроет новые возможности для интенсификации торгово-экономических связей двух стран.

Проектом предусмотрено строи-

тельство контейнерной площадки и современных складских помещений, позволяющих консолидировать грузы в режиме экспортно-импортного хаба (общая площадь 17,9 гектара, проектная мощность 300 тысяч ДФЭ в год).

Основной акцент делается на создании торговых хабов в крупнейших точках консолидации грузового потока – городах Астане, Алматы и Актобе с выходом на дополнительные рынки сбыта стран ЕАЭС, Европы, Ближнего Востока и Центральной Азии.

Кроме того, это позволит не только оптимизировать логистические процессы, но и диверсифицировать риски, связанные с волатильностью морских перевозок посредством создания альтернативных сухопутных маршрутов.

Наряду с этим это позволит создать прямой коридор для выхода товаров Юго-Восточного Китая на рынки конечных потребителей без посредников, что в свою очередь минимизирует транспортные расходы и существенно увеличит оборот торговли.

Также в АО «НК «ҚТЖ» состоялось подписание еще двух меморандумов о сотрудничестве между дочерней организацией – АО «KTZ Express» и китайской логистической компанией YXE Trading Service Group Co., Ltd., специализирующейся на организации контейнерных перевозок по маршруту Китай – Европа.

Так, днем ранее в городе Актау при участии АО «Национальная компания «Актауский международный морской торговый порт» был подписан Меморандум о развитии грузопотока через порт Актау и расширении его терминальных мощностей. Стороны договорились о совместных инвестициях в приобретение современных причальных контейнерных кранов, устойчивых к неблагоприятным погодным условиям, а также крупнотоннажных контейнеровозов, что позволит обеспечить бесперебойные перевозки через Каспийское море.

В городе Астане состоялось подписание Второго Меморандума между АО «KTZ Express» и китайской логистической компанией YXE Trading Service Group Co., Ltd., касающегося увеличения объемов перевозок по маршруту Китай – Европа.

Фото Александра ЖАБЧУКА

ТАСЫМАЛ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУДА



Қазақстан темір жолы желісі бойынша биылғы жылдың екі айында барлығы 42,4 млн тонна жүк тасымалданып, бұл көрсеткіш өткен жылдың есепті мерзіміне қарағанда 6,6% жоғары шыққан.

Ел ішіндегі жүк тиелімінің көлеміне келсек, ол қаңтар-ақпанда 2%-ға артып, 26,8 млн тоннаны құраған. Теміржол көлігімен экспортталған жүк көлемі 15,6 млн тоннадан асып жығылып, былтырғыдан 16%-ке өскен.

Негізгі жүк ағынын құраған тас көмір өсімі – 4,7% немесе 18,2 млн тонна, оның 13 млн тоннасы ішкі нарыққа бағытталған. Астық тасымалы көлемі де 42,5% өсіп, 2,4 млн тоннадан жоғары болып отыр. Қазақстандық өнімнің 1,9 млн тоннасы шетел асқан. Екі айдың қорытындысы бойынша мұнай жүктері, қара металл, химиялық тыңайтқыштар, темір кені мен марганец, құрылыс жүктері тиелімінің де ұлғайғанын байқауға болады. Осы арада ҚТЖ компаниясының ішкі нарықпен сыртқы жеткізілім үшін сенімді логистиканы қамтамасыз ете отырып, жүк тасымалының тиімділігін арттыруға ден қойып отырғанын айтар едік.

Мәселен, 2025 жылдың бірінші тоқсанындағы жүк тасымалын қорытындылаған маңызды бір жиын «ҚТЖ» ҰҚ – Біріктірілген жоспарлау дирекциясының директоры Вадим Копыловтың жетекшілігімен өтті. Кездесу барысында жүк жөнелтуші компания өкілдері «ҚТЖ» ҰҚ – Ақ-мен өзара іс-қимылды оң бағалап, тасымалдау серпініндегі он үрдістерді атап өтті. «Боғатыр Көмір» ЖШС-ның ақпан айында көмір тиеу бойынша көрсеткіші 3,9 млн тоннаны құрап, тарихи рекордқа қол жеткізгені белгілі болды. «Qarmet» АҚ наурыз айында шамамен 300 мың тонна көлемінде дайын өнімді жөнелтуді жоспарлап отырған көрінеді, бұл оның соңғы алты жылдағы рекордтық көрсеткіші болмақ. ERG тобы наурыз айында Ресей порттарына көмір жөнелтудің рекордтық деңгейіне шықты. «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС тасымалдаудың өндірістік жоспарын толық көлемде орындауда.

Ислам ТАЛҒАТ



Әсет НҰРБОЛҰЛЫ

«ҚТЖ» ҰҚ –

«Автоматтандыру және цифрландыру дирекциясы» филиалының SAP-ты дамыту және пайдалану жөніндегі директор орынбасары:

ДЕРБЕС ШОТТАРДЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІН ҚОЛДАУ ҮШІН ЖҮЙЕДЕ БІРЫҢҒАЙ ДЕРБЕС ШОТТАРҒА АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТЫ ОНЛАЙН-ЕСЕПКЕ АЛУДА ВЕБ-СЕРВИСТЕР КӨЗДЕЛГЕН. 2014 ЖЫЛЫ АЛҒАШ РЕТ ЖҮЙЕНІ «ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ» АҚ-МЕН ИНТЕГРАЦИЯЛАУ БОЙЫНША ЖҰМЫСТАР ЖҮРГІЗІЛДІ. БҮЛ ШЕШІМ ДЕМАЛЫС ЖӘНЕ МЕРЕКЕ КҮНДЕРІН ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП, ДЕРБЕС ШОТТАРДЫ ӨЗЕКТІ КҮЙДЕ УСТАУҒА МҮМКІНДІК БЕРДІ

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

ЗА ЯНВАРЬ-ФЕВРАЛЬ 2025 ГОДА ПО СЕТИ АО «НК «ҚТЖ» ПЕРЕВЕЗЕНО

42,4 млн тонн

ГРУЗОВ.

БОЛЕЕ

244 км

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОГО ПОЛОТНА КАПИТАЛЬНО ОТРЕМОНТИРУЕТ ТОО «ТЕМІРЖОЛ ЖӨНДЕУ».

ЗА ДВА МЕСЯЦА 2025 ГОДА ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИКИ СОВМЕСТНО С ПОЛИЦЕЙСКИМИ ПРОВЕЛИ

283

РЕЙДА.

Сервис

НОВЫЕ ЛОГИСТИЧЕСКИЕ ВОЗМОЖНОСТИ

Коммерческий груз весом 1,7 тонны впервые отправлен на поезде Talgo из Астаны в Алматы.



Айлин БАУРЖАН,
Астана

Совместный проект между АО «Пассажирские перевозки» и казахстанской логистической компанией Warehouse Management IAA направлен на сокращение сроков доставки грузов до потребителей, улучшение условий транспортировки и обеспечение высокого уровня сервиса для бизнеса, особенно в сегменте модной индустрии.

Новая логистическая модель

позволит оптимизировать и улучшить условия поставки для более чем 1 000 стрит-магазинов и 2 500 торговых точек в крупнейших ТРЦ страны, а также повысит доступность товаров в регионах за счет сокращения времени в пути и снижения операционных расходов.

Таким образом, совместно с национальным перевозчиком компания планирует развивать регулярные перевозки между крупными городами страны, включая Алматы, Астану, Шым-



кент, Атырау, Караганду, Кызылорду, Костанай и другие.

Национальный перевозчик отмечает, что данная логистическая модель соответствует требованиям безопасности

пассажиров в эксплуатации подвижного состава, а бизнес-сообществу даст возможность выстроить эффективное взаимодействие в сфере транспортной логистики.

МАШИНИСТ БОЛҒЫМ КЕЛЕДІ...



ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАР
ЖЫЛЫ

«Саған айтарым, машинист – қанша жыл жұмыс істесең, сонша жыл білімінді жетілдіріп отыруды қажет ететін мамандық», – деді Астана локомотив пайдалану депосының ардагері, Құрметті теміржолшы Владимир Ульяновко. Бұл бұрынғы нұсқаушы-машинистің Астана теміржол колледжінің 4 курс студенті Алексей Зинченкоға студенттің депоға экскурсиясы кезінде айтқан сөзі еді...



Сұлугүл БАКЕСОВА,
Астана

Жұырда «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында ҚТЖ тарапынан компанияның «Теміржол көлігі персоналын бағалау және дамыту орталығы» филиалында Қазақстанның 26 бейінді оқу орнынан 200 жуық студент жасты жинаған «Сенімді түлек» форумы ұйымдастырылған болатын. Осы форумда Алексей Зинченко арманы машинист болу екенін көпшілікпен бөліскен. Міне, бүгін Алексей астаналық депоға барып, локомотив шаруашылығы еңбеккерлерінің күнделікті тыныс-тірлігімен танысу құрметіне ие болды. Ол алдымен депо кезекшісінің, нарядшының, таспа оқитын инженердің жұмыстарына қанық болды. Бұдан кейін ол рейс алдында машинистердің температурасын, қан қысымын өлшеп және қандағы алкогольді тексеретін арнайы құралмен физикалық және медициналық дайындықтан өткенін көрді. Сонымен қатар психолог кабинетінде



машинистердің қырағылық пен күйзеліске төзімділік тестілерін тапсырғанына куә болды. Әдетте, локомотив бригадалары психолог ұсынысы негізінде жасақталады. Тәжірибелі машинистер Алексейге астаналық локомотив құрастыру зауытында құрастырылған заманауи локомотивтің қыр-сырымен таныстырды. Тіпті, болашақ машинист локомотив кабинасына көтеріліп, өзін нағыз машинист ретінде сезініп көрді. Жас жігіт заманауи техникаға тәнті болып,

оның ерекшеліктері және техникалық жақтануына қатысты өзін қызықтырған сауалдарға жауап алды.

Алексей депо директоры Дулат Ахмадиевпен де кездесіп, машинистер жұмысына жан-жақты қанық болды. Депо бастығы машинист мамандығы өте күрделі әрі аса жауапты екенін, сондықтан олар еңбек еткен жылдары бойынша салалық жәрдемақыға 55 жасында шыға алатынын, зейнетақы компания тарапынан 63 жасқа дейін төленетінін атап өтті. Алексейдің таңдауына ризашылығын білдіріп, осы жолда талмай еңбек етіп, жетістікке жетуіне тілектестігін білдірді. «Машинист – мәртебелі мамандық, жұмысы тұрақты, жалақысы да лайықты», – деп түйіндеді сөзін депо директоры.


Алексей Зинченко бұдан кейін Құрметті теміржолшы Владимир Ульяновко жетекшілік ететін депоның тарихы бай мұражайында болып, шойын жол шежіресін сыр шерткен жәдігерлермен танысты.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

ПОДЕЛИЛИСЬ ОПЫТОМ



В рамках партнерских отношений в АО «НК «ҚТЖ» прибыла делегация АО «Узбекистон темір йуллари» для обмена опытом в области цифровизации и автоматизации процессов управления перевозками.



В ходе визита представители УТЙ ознакомились с современными IT-решениями, которые успешно внедряются в Казахстане. В частности, речь шла об автоматизированной системе управления грузопотоками, цифровой платформе для мониторинга вагонов и билетных сервисах для пассажиров.

Основными темами для обсуждения стали: внедрение систем искусственного интеллекта для планирования перевозок, цифровизация логистики и автоматизация пограничного контроля, развитие электронного документооборота, улучшение онлайн-сервисов для пассажиров.

Отмечено, что в условиях роста объемов транзитных перевозок через Центральную Азию и увеличения спроса на железнодорожные услуги цифровизация играет ключевую роль. АО «НК «ҚТЖ» уже реализовало ряд успешных проектов по автоматизации процессов, и теперь этим опытом делятся с коллегами из Узбекистана.


Стороны договорились продолжить сотрудничество в сфере IT-решений, а также изучить возможность совместных проектов по развитию умных железнодорожных технологий. Цифровизация железных дорог – это не просто тренд, а стратегическая необходимость для всего региона.

Алуа ТЛЕУБАЙ

Фото Александра ЖАБЧУКА

КӘСПОДАҚ ҚЫЗМЕТІНЕ БАҒА БЕРДІ

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей



Жуырда Семей ЖТ бөлімшесінде кәсіподақ комитетінің есепті-сайлау конференциясы өтті. Шараға «ҚТЖ-ЖТ» ЖШС филиалы кәсіподағының төрағасы Ермек Төлегенов арнайы келіп қатысты.

Конференция барысында НОД-ЖТ кәсіподақ ұйымының төрайымы Айгүл Берікболова баяндама жасап, өткен жылғы атқарылған іс-шараларға кеңінен тоқталды. Әлеуметтік сала, спорт, қайырымдылық, ұжымдық шарт аясындағы жұмыстар жайын сөз еткен Айгүл Мырзағалиқызы алдағы жоспарлармен де бөлісті.



– Бүгінде бөлімшенің Семей өңірі бойынша 2088 адам – кәсіподақ мүшесі. Өткен жылы жаңадан 78 адам кәсіподақ мүшелігіне қабылданды. Жалпы, өткен жылы жергілікті кәсіподақ тарапынан атқарылған іс аз емес. Балалар екі рет Астанаға ұшақпен барып қайтты. Лагерь жұмысы оңынан жолға қойылған. Ардагерлер де назардан тыс қалған жоқ, – деп атап өткен Айгүл Мырзағалиқызы әсіресе спорт саласы бойынша жұмыстар қарқынды екенін жеткізді. Түрлі спорттық сайыстар тұрақты түрде өткізіліп, жергілікті спортшылар республикалық сайыстарға қатысып, жүлделі орындар иемденгені белгілі болды.

Сонымен қатар бөлімше теміржолшыларының бұқаралық спорт түрлерімен тұрақты айналысуы үшін өткен жылдың соңында 896 мың теңгеге түрлі спорттық құрал-жабдықтар алыныпты. Қазіргі күні спортзал қайта жаңартылуда. Өткен жылы түрлі себептер бойынша өтініш білдірген кәсіподақтың 81 мүшесіне қайырымдылық көмек жасалған. Оның сыртында қымбат бағалы операциялар мен дәрі-дәрмектер алу үшін және емделуге 1514500 теңге қаржы берілген.

Жиын барысында сөз алған Ермек Нақыпбекұлы теміржолшылар игілігі жолындағы кәсіподақ қызметі жайында кеңінен сөз етті. «Қазкөлікәсіп» ҚБ Семей өңірі бойынша өкілі Есен Қажығұлов та пікірін білдірді.

Есептік жиынға қатысушылар кәсіподақ жетекшісінің жұмысын оң бағалап, сайлау нәтижесі бойынша бөлімше кәсіподақ комитетінің төрайымы болып Айгүл Мырзағалиқызы қайтадан сайланды.

Суретті түсірген автор

ҮШ ЖАҢА ВАГОН ҚОСТЫ

Ұлан ОРАЗ,
Астана



Теміржол көлігіндегі жолаушылар тасымалының сапасын арттыру мақсатында отандық жеке тасымалдаушы «Сары-арқа компани» ЖШС вагон паркін жаңартуда.

Жекеменшік тасымалдаушы «Орал-Астана» бағыты бойынша қатынайтын 58/57 нөмірлі жолаушылар пойызының құрамына үш жаңа вагон қосты деп хабарлайды Көлік министрлігінің теміржол және су көлігі комитеті.

Сонымен қатар тасымалдаушы екі вагонның ішкі интерьерін толығымен жаңартқан. Жолаушылардың қауіпсіздігін арттыру үшін бейнебақылау жүйесін орнатып, әр вагонда электронды құрылғылар мен гаджеттерді қуаттауға арналған USB қойды. Өткен жылы аталған компания он жолаушылар вагонына бейнебақылау жүйесін орнатқан еді.

«ҚОЯНДАР» ӘЛІ ДЕ БАР...

Нұрай СӘРСЕНҒАЛИ,
Алматы



ҚТЖ билетсіз жолаушыларды тасымалдауға жол бермеу бағытында кешенді шараларды жүзеге асырып келеді. Дегенмен жолаушы пойыздарында «қояндар» әлі де жиі кездесетіні жасырын емес.

Пойыз бригадалары жұмысының ашықтығын арттыру мақсатында қоғам белсенділері мен масс-медиа өкілдерінің қатысуымен тұрақты ішкі тексерулер жүргізілуде. Наурыз айының соңында №85/86 «Астана-Шымкент» және №3/4 «Астана-Алматы» бағытындағы жолаушы пойыздарына жүргізілген тексеріс барысында алты бірдей билетсіз жолаушы анықталды. Қазіргі уақытта аталған фактілерге байланысты қызметтік тексерулер жүргізілуде. Нәтижесінде кінәлі пойыз бригадаларының қызметкерлері тәртіптік жауапкершілікке тартылып, жұмыстан босатылуы мүмкін.

Жалпы, жыл басынан бері билетсіз жолаушыларға қатысты 14 факті тіркелген. Мұндай ішкі бақылау шаралары Ұлттық тасымалдаушының барлық бағыттары бойынша тұрақты негізде жүзеге асырылуда. ҚТЖ азаматтарды билетсіз тасымал және билеттердің заңсыз қайта сатылу жағдайлары туралы хабарлап, заң бұзушылықтардың алдын алуға бірге үлес қосуға шақырады.

ІТ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ КӨШБАСШЫСЫ



«ҚТЖ» ҰК» АҚ Бас есептеу орталығы – теміржол көлігінің тиімді жұмысын қамтамасыз ету үшін қажетті ақпараттық технологиялар мен автоматтандыру жүйелерін қолдаумен және дамытумен айналысатын компанияның негізгі құрылымдық бөлімшесі. Бас есептеу орталығына жүктелген негізгі міндет – деректерді сақтау және орталықтандырылған өңдеу. Бұл өз кезегінде компанияның әртүрлі бөлімшелерінің жұмысын оңтайландыруға, барлық ақпараттық жүйелердің тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Сұлугүл БАКЕСОВА,
Астана

ҚТЖ-дағы Бас есептеу орталығы (ГВЦ/БЕО) теміржол желісін басқару процестерін автоматтандыруға байланысты бірқатар маңызды міндеттерді шешу үшін құрылған. Бұл тасымалдауды, пойыздардың қозғалысын, жылжымалы құрамды жөндеу мен пайдалануды бақылауды және басқаруды қамтамасыз ететін ІТ жүйелерін әзірлеуді, енгізуді және қызмет көрсетуді қамтиды. Осы орталықтың жұмысы арқылы компанияның әртүрлі департаменттері арасындағы үйлестіру үдерісі айтарлықтай жақсарып, бұл шешім қабылдау процестерін жеделдетуге және жоспарлау дәлдігін арттыруға мүмкіндік беріп отырғанын атап өту керек.

Әрине, Бас есептеу орталығының маңызды бағыттарының бірі – пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Орталық теміржол инфрақұрылымының жай-күйін және жылжымалы құрамды бақылауға, сондай-ақ логистикалық процестерді оңтайландыруға көмектесетін мониторинг жүйелерін белсенді дамытып, қолдау көрсетіп келеді. Мәселен, БЕО әзірлейтін және қолдайтын жүйелер вагондар мен локомотивтердің түзістігін автоматты түрде бақылауға, төтенше жағдайлардың алдын алуға және пойыздардың қауіпсіз жұмыс істеуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Бас есептеу орталығы компанияның қаржы ағынын басқаруда да маңызды рөл атқарады. Орталық әзірлеген және қызмет көрсететін жүйелер төлемдермен, бухгалтерлік операциялармен, сондай-ақ контрагенттермен және клиенттермен есеп айырысумен байланысты деректердің үлкен көлемін өңдейді. Бұл компания қаржысына қатысты

жоғары ашықтық пен бақылауды қамтамасыз етеді. Бұдан басқа, орталық цифрландыру және автоматтандыру саласында жаңа технологияларды әзірлеуге және енгізуге жауапты, бұл компанияға әлемдік трендтерге ілесуге және өз жұмысында озық шешімдерді пайдалануға көмектеседі. Орталық тарапынан бұлтты технологияларды, үлкен деректерді және заманауи теміржол жүйесінің ажырамас бөлігіне айналатын жасанды интеллектті дамытуға да баса назар аударылуда.

Осылайша, ҚТЖ-ның Бас есептеу орталығы ІТ-жүйелердің тұрақты жұмысын қамтамасыз ететін және теміржол тасымалын басқару процестерін жаңғыртуға ықпал ететін компания инфрақұрылымындағы маңызды буын болып табылады. Оның тиімді жұмысынасыз Қазақстан темір жолы сияқты күрделі және көпмәселелі көлік кешенін заманауи басқаруды елестету мүмкін емес.

Бас есептеу орталығының құрылғанына биыл – 50 жыл. Алматы және Тың темір жолдарында осы бір қызметі күрделі тың саланың құрылып-қалыптасуына өлшеусіз еңбек сіңірген Михаил Каженұлы Шалабаев, Серікпай Бешенұлы Күмпейісов, Дулат Ғабдулұлы Утешов, Сәбит Нұркебайұлы Макашев сынды білімді басшылар болғанын айта кеткен жөн. Олар орталық қызметкерлері үшін Ресей мен Балтық жағалауы елдерінде біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастырып, мамандар шоғырландыруда көп жұмыс атқарды. Ал Виктор Қунашқұ жетекшілік еткен жылдары БЕО ауқымы кеңейіп, қызметкерлер саны 200-ге дейін жеткен. Сол кездері Экспресс жүйесі енгізіліпті.

– 2009 жылы Қонаев көшесіндегі қазіргі ҚТЖ ғимараты берілгеннен кейін, ГВЦ-БЕО



филиалының ПЭВМ бөлімі мен Солтүстік РИВЦ филиалының ЛОИС бөлімінің қызметкерлерін біріктіру арқылы БЕО филиалы ішінен РОІК бөлімі құрылды. Осы ғимарат берілгеннен бастап толықтай оргтехника және дербес компьютерлердің тұрақты және үздіксіз бірқалыпты жұмыс жасауын қамтамасыз еттік. Бұл кезде 3000-ға жуық тұтынушы болды. Бөлім құрылғанда 15 қызметкер болды, оның төртеуі кезекте жұмыс жасады. Олар демалыс күндері және 24 сағат үздіксіз жұмыс жасайтын ҚТЖ-ның диспетчерлеріне, ал қалғандары күндізгі тұтынушыларға қызмет көрсетті. Уақыт өте келе бөлімнің қызмет ауқымы кеңейе бастады. Төрт байланыс орталығы қосылды. Олардың міндеттері: тұтынушыларға жедел, тұрақты кеңес беру және белгілі ережелерге байланысты есеп берудің қажетті функцияларын қосу; атап айтқанда, корпоративтік

почта, интернет желісі, параграф, юрист, қашықтықта жұмыс жасау VPNRemote, ҚР бойынша Office 365 және кір сайтындағы бөлімдердің анықтамаларын қосу және т.б. Оған қоса, компанияның еншілес ұйымдарымен жұмыс істеп, көптеген тұтынушылардан өтінім қабылдап, тіркеу, – дейді орталық қызметкері Бақыт Ердібаев.

ҚТЖ еліміздегі жұмыс беруші ірі компания болғандықтан күн сайын онлайн және офлайн жиналыстар толастаған емес. Осынау жиындар өтетін залдарда телевизорларға микрофондарды, камераларды, ноутбуктарды жалғап, слайдтар көрсету және Zoom бағдарламасы арқылы жиналыстарды өткізу, т.т. жұмыстарды осы Орталық мамандары қамтамасыз етеді. Соңғы уақытта Орталық функциясына инновациялық кабинет те қосылған. Ол жерде кең ауқымды маңызды кездесулер өтіп тұрады.

Иә, «Елу жылда – ел жаңа» демекші, бүгінгі Орталық жарты ғасыр бұрын құрылып, жұмысын нөлден бастаған құрылымнан мүлде бөлек, жаңа заман талабына, жаңа технологиялық дамуға байланысты шарықтап өскен, білімді, дарынды мамандары ІТ саласына революциялық шешімдер енгізіп отырған көшбасшы.

Суретті түсірген автор

ЦИСТЕРНА ШЫҒАРУДЫ БАСТАЙДЫ



ОТАНДЫҚ ӨНІМ

Өткен жылғы жазда өңірде ашылған өндіріс орны – жүк вагондарын шығаратын Texol Trans Атырау вагонқұрылысы зауыты жүк вагондарын және мұнай өнімдерін, сұйытылған газ бен өнеркәсіптік жүктерді тасымалдайтын цистерналар шығаруға мамандандырылған.

Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау

Зауыттың толық қуатына көшу кезеңі 2027 жыл деп жоспарланып, жылына 7-8 мың вагон шығару көзделген. Қазіргі уақытта зауыттың өндірістік аумағы 17 мың шаршы метрді құрайды, ал 2027 жылға қарай 62 шаршы метрге дейін кеңейеді деп жоспарлануда. Негізгі өндіріспен қатар мұнда вагонның әртүрлі компоненттерін жасайтын цехтар бар, алға қарай орта және ұсақ вагон құймаларға арналған құйма цехтары бар. Мұндай цехтың ашылуы импортқа тәуелділіктен де құтқарады.

Зауытқа салынған инвестицияның жалпы көлемі 160 млрд теңге. Ал бастапқы кезеңдегі инвестиция көлемі 170 млн доллар көлемінде болып отыр. Бүгінгі таңда компанияда 25 тс. арбалы 13-6741 модельді біріктірілген жалғамалы платформаны өндіру қолға алынып отыр. Зауыт биылдан бастап сұйытылған көмірсутегі газдарын тасымалдайтын цистерналар шығаруды бастайды.

«Соған орай жуырда облыстық әкімдік ғимаратында Texol Trans зауыты италиялық Fassin S.p.A компаниясымен мұнай өнімдерін және сұйытылған көмірсутекті тасымалдайтын цистерна мен вагон құрастыруға қажетті Baldpini жабдығын тасымалдау келісімшартына қол қойды» деп хабарлайды компанияның баспасөз қызметі. Шара барысында Fassin S.p.A бағдарламаларын интеграциялау және әзірлеу жөніндегі бөлім басшысы Рино Болдриини мен Texol Group директорлар кеңесінің төрағасы Шота Абхазова ұзақ мерзімді серіктестікке қол қойды. Екі-



жақты серіктестік нәтижесінде Texol Group 2025 жылдың екінші жартысында барлық сертификаттау рәсімінен өткеннен кейін, инновациялық шешімдер қабылдап, жүк вагондары мен цистерналардың толық желісін шығара бастайды. Яғни жыл сайын 8 мыңға жуық вагон құрастыру жоспары бар. Аталған жабдықтың жеткізілуі зауыттың өндірістік желісін қалыптастырудың қорытынды кезеңі болмақ. Бұдан кейін цистерналар шығарыла бастайды», – дейді кәсіпорынның PR директоры Мәдина Қазбекова.

Облыс әкімі Серік Шәпкенов қол қойылған келісімнің өңірдің инфрақұрылымын дамытуда, экономикалық байланыстарды нығайтуда және өңір үшін стратегиялық маңызы бар жобаларды жүзеге асыруда маңызды рөл атқаратынына сенімді. «Fassin S.p.A – ауыр өнеркәсіпке арналған жабдықтарды жеткізу бойынша әлемдік көшбасшы. Ұзақ мерзімді

келісімнің арқасында аймақ инновациялық технологиялар мен халықаралық тәжірибеге қол жеткізіп, жергілікті кәсіпорындар мен мамандардың дамуына септігін тигізеді. Әсіресе кадрларды даярлау бағдарламаларына ерекше назар аударылады. Бұл өз кезегінде өңір мамандарының біліктілігін арттырып, олардың инженерлік-технологиялық дағдыларын дамытуға ықпал етеді, – деді аймақ басшысы.

Зауыттың кеңеюіне орай алға қарай кәсіпорында 3000-нан астам жұмыс орны ашылады. Олар негізінен слесарлар, дәнекерлеуші, бұрғышы, т.б. жұмысшы мамандар. Ал аймақ теміржолшыларының ойынша, өңірде жаңа мұнай-газ кен орындары, мұнай-химия саласында әртүрлі зауыттар ашылып жатқандықтан олардың жаңа вагондарға деген сұранысы артатыны ақиқат.

Суретті түсірген автор

УСИЛЕНЫ МЕРЫ ЗАЩИТЫ



ПАВОДОК

Руслан РАХМЕТОВ,
Кокшетау

Для пропуска талых вод весны 2025 года проведен ряд профилактических мероприятий, направленных на пропуск поездов с установленными скоростями и обеспечением безопасности населения, проживающего и работающего в непосредственной близости с железной дорогой.

В период весеннего паводка на узловых станциях Акмолинского отделения магистральной сети, таких как Жана-Есиль, Кокшетау, Астана и Атбасар круглосуточное боевое дежурство ведут противоразмывные поезда. В случае чрезвычайной ситуации они готовы немедленно выдвинуться к месту происшества для ликвидации последствий подтопления. В состав таких поездов входят вагоны с песком, щебнем, шпалами, бутовым камнем и комплектами аварийно-восстановительных инструментов.

В настоящее время проводятся инструктажи с локомотивными бригадами по ведению

поездов в местах возможного размыва, обвалов и деформаций земляного полотна, а также учения по развертыванию противоразмывных поездов и мобилизации персонала. Результаты учений показали высокую готовность противостоять надвигающейся водной стихии.

Для координации действий создан оперативный штаб, который разрабатал планы дислокации техники, распределения персонала и алгоритмы работы восстановительных бригад. Совместно с работниками ДЧС производится обследование плотин и дамб, расположенных выше железнодорожного полотна.

Вблизи города Атбасара на 580-м километре перегона Атбасар – Адыр произведены взрывные работы по дроблению льда для предотвращения затора на реке Жабай. Установлено круглосуточное дежурство, а также четыре видеокамеры, передающие видеoinформацию в онлайн-режиме. Кроме того, завершено строительство трех водопропускных шлюзов, а также создан обводной канал для защиты новостроек от степной талой



воды. Безусловно, 175 сел были обозначены как опасные зоны в прошлом году. Из них 94 села сегодня полностью обеспечены безопасностью. Что касается остальных населенных пунктов, то сегодня также принимаются конкретные меры для их защиты. В целом перед началом пропуска талых вод по всему отделению производится очистка русел мостов и труб. Всего в границах Акмолинского отделения магистральной сети имеется 788 искусственных сооружений для пропуска водотоков, в том числе 417 мостов, 363 трубы, 8 лотков. Готовность для пропуска талых вод весны 2025 года – 100%.

Фото автора

С МАКСИМАЛЬНОЙ ЭФФЕКТИВНОСТЬЮ



ПРОЕКТ

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

Реализация проекта станет судьбоносным событием для региона, открывая новые перспективы для его развития. В процессе строительства будет уложено 130 километров железнодорожных путей, построены три раздельных пункта – Сорбулак, Мойынкум, Жанаарка, 13 мостов, пять железнодорожных и один автомобильный путепровод. Для этого у отечественных производителей планируется приобрести около 228 тысяч единиц шпал, 16 тысяч тонн рельсов.

Строительство магистрали позволит создать порядка 1 400 рабочих мест. Уже на сегодняшний день проведены работы по строительству мостов, тоннелей и других элементов инфраструктуры, необходимых для бесперебой-



ного движения поездов. Всего по проекту предусмотрено 19 мостов и путепроводов, из них в работе 18. На трех выполняются работы по фундаментам, опорам и монтажу пролетных строений. На строительстве задействованы 260 единиц дорожно-строительной техники, 442 специалиста. На данный момент выполнено 92% земляных работ. Из 55 водопропускных труб начата работа на 55,

из них смонтировано 47 трубы.

Реализуются мероприятия по электрификации и установке современных систем сигнализации и управления движением. Выполняется переустройство инженерных сетей, газопроводов, линии и связи.

